


АЛКОГОЛИЗМ





*Маскүнемділік-
медициналық тұрғыдан
қарағанда, спиртті
ішімдіктерді жиі, шектен
тыс қабылдаудан және
оларға өте әуес болудан
туындайтын созылмалы
ауру.*



АРАҚ - БҮКІЛ
БӘЛЕНІҢ КӨЗІ

Маскүнемдік 20-29 жастағы жас адамдарда қалыптасады. Оның нәтежесінде балалар мен жеткіншектердің жалпы дамуы мен жетілуі, білім алуға деген ынтасы әлсірейді, белгілі бір кәсіпті игеруде және әлеуметтік жағдайларға бейімделу мүмкіншіліктері азаяды.

Оларда маскүнемдік:

- Көңіл күйінің тұрақсыздығымен, тұнжырауымен, үйінен қашып кетумен, өзіне қол жұмсауға талпыныстық ойлармен;
- Мінез құлқының өзгеруімен катыгездік, айналасындағыларды бүлдіріп шағумен, әлеуметтік жағдайларға қарсы ірекеттермен;
- Мектепте сабақ үлгерімі нашарлауымен, жақсылыққа деген бейжайлықпен, қызығушылықтың жоғалуымен т.с.с. белгілерімен

Собриолайзеры: vkontakte.ru/Fron



Они знают, что это вредно
Просто это их личный выбор

Собриолайзеры: vkontakte.ru/Fron



Это наш осознанный выбор
Ведь взрослые – это те, кому можно пи

Маскүнемдікке байланысты бауырда, орталық жүйке жүйесінде және жүректе күрделі өзгерістер жүреді. Маскүнемдердің 10%-ы бауыр циррозына шалдығады.

Орталық жүйке жүйесіулана келе маскүнем есінен танып, іс-әрекетіне жауап бере алмайды. Ауру ұзаққа созылғанда, тұрақты психикалық және сомато неврологиялық ауытқулар қабаттаса жүреді. Алкоголь әсерінен жүрек бұлшық еттері де зақымданып, жүрек қыстары кеңейеді. Қан қысымының жоғарлауы байқалады. Жүкті әйелдердің маскүнемдікке салынуы өте қауіпті.



Қарапайым алкогольды мастану .

Мастанудың

- ❖ жеңіл ,
- ❖ орташа,
- ❖ ауыр дәрежелерін ажыратады.

Осы дәрежелер бірін-бірі бір реттік ішу кезінде алмастырып отыру мүмкін.



Жеңіл дәрежесі

Жылу сезімімен, тері жабындысының гиперемиясымен, пульс жиілеуімен, тәбеттің күшеюімен бірге жүреді. Көңіл-күй көтеріліп, сергектік сезімі баурайды. Сөзшендік, дауыстап сөйлеу, қимылдары екпінді және сермемелі. Зейіні жылдам ауыспалы, ой жылдамдаған, ретсіз. Қозғалыс координациясы бұзылған. Мастанудан кейін ауыр психикалық және физикалық жағымсыз сезімдер болмайды. Мастану кезеңі есте сақталады.

Орташа дәрежесі.

Қимыл - қозғалыстары сенімсіз, қарапайым координациялық қимылдар жасауда кұлайды. Сөздері дизартриялы, дауыстап сөйлейді, бір сөйлемді қайталау жйі бақыланады. Зейінін басқа жаққа аудару қиындайды. Өзі мен өзгелердің іс-әрекеттерін бағалау қабілеті төмедеген. Әуестік тежусіздігінен, және оларды іске асыру жеңілдейді. Мастану терең ұйқымен ауысады. Алкоголь қабылдауды тоқтатқаннан кейін бірнеше сағаттан соң шөлдеу сезімі, ауыз құрғау, асқазан, бауыр, жүрек аймағындағы жағымсыз сезімдер, жалпы жайсыздық, әлсіздік пайда болады. Мастану кезеңінің жеке эпизодтары ғана есте сақталады.

Ауыр дәрежесі.

Комаға дейін жетерлік сана бұзылысының әртүрлі деңгейімен көрніс береді. Еріктен тыс дефекация мен зәр бөлінуі жиі. Кей кездерде эпилептиформды ұстамалар пайда болуы мүмкін. Мастану кезеңі толық амнезияланады наркотикалық амнезия. Осындаң жағдайдан кейін айқын атаксия, дизартрия, бірнеше күнге созылатын адинамия, вегетативті тербелістер сақталады.

Мінез құлқында ақауы бар, конституциялық тұрақсыз, қызба адамдарда маскүнемдік жиі дамиды.

Ата анасы маскүнем балаларда “**нәрестенің алкогольді белгісі**” деген атпен алкогольды эмбриопатия белгілері кездеседі. Мұндай балаларда жоғары психомоторлық қозу болып, физикалық және психикалық дамуы баяулап, дисморфоз белгілері орын алады. Дисморфозда қаңқаның кішіреюі, микроцефалия, төменгі жақтың гипоплазиясы, кеңсірік жайпандығы, төмен отырғызылған құлақ қалқаны, кейде эпикантус пен синдактиялар болады. Осы көрсетілген психикалық бұзылулардың нәтижесінен мидың органикалық кемістігі не “**төменгі деңгейдегі ми дисфункциясы**” орын алады.

Маскүнемдіктің шығу тегінде алкогольдің арнайы әсерінен басқа үш түрлі себеп ықпал жасайды.

Олар:

- 1) Әлеуметтік,
- 2) Психологиялық,
- 3) Тұқым қуалаушылық себептер. Ата анасының біреуі маскүнем болғандықтан от басындағы шиеленісу, өз ара ұрыс керісі, үнемі психологиялық ұнамсыздықты тудырады. Бұл жағдай жасөспірімдер өз бетімен пайда болатын қауымдарға кіріп, алкоголь мен басқа есірткі заттарды қолданады.

МАСКҮНЕМДІКТІ ЕМДЕУДІҢ НЕГІЗГІ ҮШ КЕЗЕҢІ БАР:

*алкогольден улану зардабын жою және науқастың
көңіл-күйін қалпына келтіру;
ішімдікке әуестікті жойып,
оларға жиіркеніш сезімін тудыру және оған төзе
алмаушылықты қалыптастыру.*

***Негізгі емі** витаминотерапия, дәрі-дәрмектер
(инсулин, атропин, аминазин, т.б.) пайдалану.
Сонымен қатар, ауру адамды қамқорлыққа алудың,
тұрмыс жағдайын түзейтін әлеуметтік шаралар
жасаудың айрықша маңызы бар*

Созылмалы алкоголизм жіктелуі (А,А,Портнов)

1-кезең
Невротикалық

Психикалық тәуелділік
Толеранттылықтың артуы
Палимпсест
Масаюдың паталогиялық формалары

2-кезең
Наркоманиялық

Физикалық тәуелділік
Салынып ішу
Психоздар

3-кезең
Энцефалопатиялық

Толеранттықтың төмендеуі
Еске сақтаудың бұзылуы
Тұлғалық деградация
Суррогаттарды қабылдау

Маскүнемдікке салынудың апарар зардаптары

